Бекітемін:
«Акмола облысы білім
басқармасының Зеренді
ауданы бойынша білім бөлімі
Жолдыбай ауылының негізгі
орта мектебі»КММ
директоры________А.Б.Бекишов

# «Жолдыбай ауылының негізгі орта мектебі»КММ бойынша 2022-2023 оқу жылының тәрбие жұмыстарының аналитикалық есебі

Орындаған: ДТІЖО Шамиганова Д.Г.

**Жолдыбай ауылының негізгі орта мектебі бойынша**
**2022-2023 оқу жылының**
**тәрбие жұмыстарының аналитикалық есебі.**

2022 - 2023 оқу жылы Жолдыбай ауылының негізгі орта мектебінің тәрбие беру жұмыстары білім беру мен сыныптан тыс жұмыстары арқылы жүзеге асырылды. Тәрбие жұмысы - ол жеке тұлғаның даму үдерісін басқару болып табылады. Осыған орай, мектепте тәрбиелеу жүйесі бірінші жыл қалыптасып келген жоқ, ол жеке тұлғаның мектепте ғана емес, сыныптағы тәрбиелеу процессін қамту.

**Тәрбиелеудің мақсатты мен міндеттері**

**Берілген мақсат** жалпы педагогикалық процессті қамтып, оқушылар өмірін сабақ барысында және сыныптан тыс жұмыстарын келесі мақсаттар бойынша орындалады:

- Салауатты өмір салтына жағымды қарым - қатынасты қалыптастыру
- Патриоттық сезімі жоғары тұлғаны тәрбиелеу
- Шығармашылдық белсенділігін дамыту
- Мектептегі өзін - өзі басқару жұмыстарын нығайту
- Сынып жетекшілердің кәсіби шеберлігін көтеру
- Сыныптан - тыс жұмыстарына шарттар жасау
- Ата - аналармен жұмыс жүргізуін нығайту
- Жоғары сынып оқушыларының қәсіби шеберлігін анықтау

**Тәрбиелеудің бағыттары**

Жалпы адамгершілік және ұлттық құндылықтар тәрбиелеудің педагогикалық негізі болып, тәрбие берудің барлық жолдарын қамтиды:

1) Патриоттық және азмаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие;
2) Рухани тәрбие;
3) Ұлттық тәрбие;
4) Отбасылық тәрбие;
5) Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
6) Көпмәдениетті және көркем - эстетикалық тәрбие;
7) Зиятекрлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбие;
8) дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Тәрбиелеу сараптамасы - бұл жоғарғы немесе төмен, оң не теріс, жетістікке жеткен немесе сәтсіздікке ұшыраған себептерін анықтау.

2022 - 2023 оқу жылында тәрбиелеу процессі «Білім беру Заңы», «Бала құқығы жөнінде Конвенция», «Тәрбиелеу», нұсқаулық - әдістемелік хат, жоспарға негізделген.

Тәрбие процессін жүзеге асыру үшін мекепте жеткілікті кадр саны бар;

-психолог

-кітапханашы

- дене шынықтыру пәні мұғалімі

-Тоғыз сынып жетекші саны.

Оқу жылының басында жалпы оқушылар саны 34 болды

- мектепішілік бақылауда оқушы жоқ
- тегін тамақтанатын оқушылар саны - 17

- ата - аналардың қаражатына тамақтанатын оқушылар саны –17
* Үйірме сабақтар мен секциялар басшыларының сандық құрамы: 2 адам.

* Үйірмелердің толымдылығы: 13 адам.

* Секциялардың толымдылығы: 18 адам.

**Үйірме сабақтардың атауы.**

1. "Дара жол" пікірсайыс үйірмесі Шамиганова Г.Қ

2. "Шахмат" үйірмесі Бркенов Қ.Б.

**Секциялар**

1.Волейбол, шаңғы жетекшісі: Бркенов Қ.Б

Мектептің тәрбие жұмыстары келесі әрекеттерді қамтиды:

- Сынып жетекшілердің қызметін ұйымдастыру
- Бақылау және жетекші
- Әскери - патриоттық тәрбие
- Рухани тәрбие
- Азамат - құқықтық тәрбие
- Балардың денсаулығы мен өмірін қорғау
- Еңбек тәрбие және кәсіби бейімделу
- Бала- жасөспірімдер ұйымының жұмысы
- Оқушының бейәлеуметтік мінез - құлқының алдын алу
- Ата - аналар және қоғаммен жұмыс
- Ұшқыр -ой алаңы

2021-2022 оқу жылында адамгершілік құндылықтар жүйесін қалыптастырудың бір жолы – кітап оқу болатын . 20 минуттық кітап оқу ұйымдастырылды.
2022-2023 оқу жылында кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру және оны қолдау, кітап мәртебесін («Кітап оқу – сән») арттыру мақсатында білім алушылар арасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы жалғасуда. Жобаның негізгі бағыттары өзара қарым-қатынас пен әлеуметтік әріптестік арқылы білім алушылардың оқу құзыреттілігін, оқу мәдениеті мен оқу белсенділігін арттыруды, оқу сауаттылығы бойынша халықаралық зерттеулерге қатысуын жалғастыруды, оқырмандар қауымдастығын қалыптастыруды, іс-шараларға ата-аналарды қатыстыру мақсатында аудандық оқырмандар сайысына қатысты. **2022-2023 оқу жылындағы республикалық оқырмандар сайысының аудандық кезеңінде II дәрежелі дипломмен 6-сынып оқушысы Қалымжан Бекзат марапатталды. Пән мұғалімі: Маженова Жамал Айдарбековна**
2021-2022 оқу жылында дебаттық пікір сайыс, түсіндірме жұмыстары, әңгіме сағаттары жүргізілген болатын. Дебаттың мақсаты-зияткерлік рөлдік ойын, білім беру технологиясы, ол бар білімді қолдана білуді қалыптастырады, функционалдық сауаттылықты дамытады және болашақта өзін-өзі сәтті жүзеге асырудың кепілі болады. 2022-2023 оқу жылында **«Ұшқыр ой алаңы»** дебаттық қозғалысы клубы «Дара жол» жұмыс жасайды. Клубтың құрамында 7-9-сынып оқушылары , жетекшісі аға тәлімгер Шамиганова Г.Қ.. Мектепішілік пікір-сайстары өткізілді. Аудандық байқауларға келесі оқу жылында қатысуға алдымызға мақсат қойдық.

Мектеп пен ата-аналардың өзара байланысы кезінде балалардың мүддесі үшін ынтымақтастық қажет. Ата - аналарға арналған дәрістерді, ата-аналар кештерін, Ашық есік күндерін, тренингтерді онлайн форматта өткізілді. Бұл мектептерді құрудың мақсаты – бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін арттыру.

Өзін – өзі басқарудың инновациялық жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі шығармашылықтың жеке және ұжымдық формалары арқылы адамның: жауапкершілік, тұрақтылық, ізгі ниет және қатысу секілді негізгі қасиеттерін тәрбиелеуге ықпал ету. Мектептегі өзін-өзі басқару құрылымы төрт деңгейлі: **1-деңгей**. Сыныптардағы өзін-өзі басқару: сынып жиналысы, сынып активі, жұмыс секторлары. **2-деңгей.** Мектептің өзін-өзі басқаруы: мектеп активі. **3-деңгей.** 1. Жалпы мектептік оқушылардың өзін-өзі басқаруы: жоғары сынып оқушыларының Кеңесі. 2. Жалпы мектептік өзін-өзі басқару: мектеп кеңесі: оқушылар, ата-аналар, мұғалімдер.

Қамқоршылық кеңес және оның қызметін ұйымдастырылған. Қамқоршылық кеңестің мақсаттары: білім беру ұйымдарына жәрдемдесу, бекітілген жарғылық функцияларды орындау; білім беру ұйымының білім алушылары мен педагогтары үшін қажетті жағдайлар жасау; білім беру ұйымдарына қаржылық қолдау көрсету, материалдық техникалық базаны нығайту; білім беру ұйымын одан әрі дамытуға жәрдемдесу мақсатында жұмыс жасайды.

**2021-2022, 2022 -2023 оқу жылындағы оқушылардың жетістіктері**

| **№** | **Оқушының аты-жөні** | **Сынып** | **Тақырып** | **Нәтиже** | **Оқу жыл** | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **2021-2022** | **2022-2023** |
| **1** | Зұлқарнай Сағындық | 8 | «Жарқын болашақ» Білгірлер бағыты Зеренді-2020 жыл | ІІІ орын | + | |
| **2** | Сағынтай Гүлназ | 5 | Олимпиада 5-6-сыныптар арасында қазақ тілі Аудандық Қобыланды батыр жырын жатқа оқу | ІІІ орын | + | + |
| **3** | Зұлқарнай Сағындық, Қажыбай Нұрхан | 9 | «Бала би» | Алғыс хат | + | |
| **4** | Қажыбай Нұрхан | 9 | «Ділмар шешендік» | ІІІ орын | + | |
| **5** | Сұлтанбекова Айдана | 8 | «Тіл дарыны-2022» | ІІІ орын | + | |
| **6** | Қалымжан Бекзат | 5 | Махамбет оқулары | ІІ орын | + | |
| **7** | Зұлқарнай Сағындық | 9 | «Абай оқулары» «Ұлылар әлемі» эссе | ІІ орын | + | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **8** | Фазылжан Әбілмансұр | 8 | «Абай оқулары»<br>«Көңілім әнді ұғады» | II орын | + | |
| **9** | Айтмағанбет Гүлім | 5 | «Абай оқулары»<br>«Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» | III орын | + | |
| **10** | Зұлқарнай Аян | 5 | «ЭКО өмір»-2022<br>«Туған өлкенің бояулары» | I орын | | + |
| **11** | Сұлтанбекова Махаббат | 5 | 1.«ЭКО өмір»-2022<br>«GREEN OASES»<br>2.Аудандық олимпиада<br>5-6-сыныптар<br>Ағылшын тілі | II орын<br><br><br><br>II орын | | + |
| **12** | Қалымжан Бекзат | 6 | 1.Аудандық оқырмандар сайысы<br>2.Аудандық<br>«Дулат оқулары»<br>3.Облыстық<br>«Дулат оқулары»<br>4.Аудандық Қобыланды батыр жырын жатқа оқу<br>5.Республикалық<br>«Ақберен» Абай оқулары<br>6.«Зерде» оқушылар арасындағы зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобалардың аудандық кезеңі<br>7. Ақбота зияткерлік олимпиадасы математика<br><br>8. Зеренді ауданы бойынша дарынды жұлдыздар | II орын<br><br><br>I орын<br>Сертификат<br><br>Мадақтама<br><br><br>I орын<br><br>III орын<br><br><br><br>II орын<br><br><br><br>Алғыс хат | | + |
| **13** | Айтмағанбет Гүлім | 6 | 1. Аудандық Қобыланды батыр жырын жатқа оқу<br>2.Республикалық<br>«Ақберен» Абай оқулары | II орын | | + |
| **14** | Зұлқарнай Еркежан | 7 | 1.Аудандық Қобыланды батыр жырын жатқа оқу<br>**2.**Аудандық «Бала би»<br>3.Аудандық олимпиада<br>7-8-сыныптар<br>Ағылшын тілі | III орын<br><br><br>Мадақтама<br><br>III орын | | + |
| **15** | Есет Мөлдір | 7 | 1.Аудандық Қобыланды батыр жырын жатқа оқу | Мадақтама | | + |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 2.Аудандық «Бала би» | | | |
| **16** | Сұлтанбекова Айдана | 9 | Ахмет Байтұрсынов 150жас, Ғабиден Мұстафин 120 жыл<br>Аудандық викторина байқауы | сертификат | | + |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **17** | Қалымжан Ақерке | 7 | 1.Аудандық олимпиада 7-8-сыныптар<br>Орыс тілі<br>2.«Жарқын болашақ» республикалық олимпиадасының аудандық кезеңінде «Бейнелеушілер» бағыты бойынша | II орын | | + |
| **18** | Дауренбек Елхан | 2 | Ақбота зияткерлік олимпиадасы математика | I | | + |
| **19** | Маулен Аліби | 2 | Ақбота зияткерлік олимпиадасы математика | I | | + |
| **20** | Нұрболат Нұрдаулет | 2 | Ақбота зияткерлік олимпиадасы математика | I | | + |
| **21** | Бекишова Айсәуле | 3 | Ақбота зияткерлік олимпиадасы математика<br>Республикалық<br>2.«Ақберен» Абай оқулары | II | | + |
| **22** | Сұлтанбек Әмір | 3 | 1.Ақбота зияткерлік олимпиадасы математика<br>«Мақатаев оқулары» | II | | + |
| **23** | Сағынтай Айару | 3 | 1.Мағжан Жұмабаев оқулары<br>2.«Зерде» оқушылар арасындағы зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобалардың аудандық кезеңі<br>3.«Мағжан оқулары» | I | | + |
| **24** | Нұрболат Айару | 4 | 1.Мағжан Жұмабаев оқулары 2.Республикалық «Ақберен» Абай оқулары | I | | + |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **25** | Қалымжан Айзере | 4 | Дүниежүзілік Жер күні фестивалында қайта өнделген материал номинациясының иегері Ақбота зияткерлік олимпиадасы математика | ІІІ орын | | + |
| **26** | Фазылжан Әбілмансұр | 9 | Абай оқулары «Көңілім әнді ұғады» номинациясы байынша | ІІІ орын | | + |
| **27** | Нұрболат Аружан | 1 | 1.Республикалық «Ақберен» Абай оқулары<br>2.«Мақатаев оқулары» | І орын | | + |
| **28** | Сұлтанбекова Сұлу | 1 | 1.«Мақатаев оқулары»<br>2.Ақбота зияткерлік олимпиадасы математика | Бас жүлде | | + |
| **29** | Қажыбай Батырхан | 1 | Ақбота зияткерлік олимпиадасы математика | І орын | | + |

2021-2022 оқу жылына қарағанда 2022-2023 оқу жылында мектебіміздің оқушылары көптеген жетістіктерге жетті.

**Жоспар негізінде төмендегі жұмыстар іске асырылды.**

« Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында ұстаздар, оқушылар, ата-аналардың қатысуымен 1 қыркүйек алғашқы қоңырау мерекесіне орай іс-шара өткізілді.

**Мақсаты:** Білім күні үлкен мереке екенін балаларға жеткізе білу, сезіну білімге деген құштарлығын арттыру, еліміздің білімді, тәрбиелі азаматын елжандылыққа тәрбиелеу. «Еңбек» адамгершілік құндылығы туралы түсініктерін кеңейту.

**Міндеттері:** Адам өміріндегі мәні туралы түсінік беру;
Еңбек етуге қызығушылықтарын дамыту;
Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу;





Қыркүйектің 6-сы күні «Ата-ана ынтымақтастығы» тақырыбында мектепішілік ата-аналар жиналысы өтт.



Жолдыбай ауылының негізгі орта мектебінде Алаш ардақтысы, қазақ әліппесінің атасы Ахмет Байтұрсынұлының туған күнімен сәйкес келген «Ахмет және тіл тағылымы» атты тілдер онкүндігі өтті.

Онкүндік аясында бекітілген жоспар бойынша мектебіміздің тіл мамандары оқушыларға мемлекеттік тілдің және орыс, ағылшын тілдерінің, қоғамдағы үштілділіктің маңызын, бірнеше тілді қатар игеру арқылы туған жерімізді сүюге, бірлікке, ел тарихын білуге, елімізді өркендетуші білімді ұрпақ тәрбиелеу, таза сөйлеуге үйрету, өз ұлтына, жеріне деген сүйіспеншілігін ояту мақсатында бірқатар іс-шаралар жүргізілді. Осы орайда қазақ тілі пән мұғалімінің ұйымдастыруымен **«Ахаңның айшықты ойлары»атты** « Ең сауатты оқушы» тақырыбында оқу сауаттылық күні 2-9- сыныптар арасында диктант байқауы, «Жүзден- жүйрік, мыңнан-тұлпар» Ахмет Байтұрсынұлының өлеңдері 5-6- сыныптар арасында мәнерлеп оқу сайысы болса, **«Тіл – кемел болашақ тұғыры»** деген тақырыпта мақал-мәтел 1-4--сыныптар аралығында мақал-мәтел байқауы ұйымдастырылды «Ахмет –асыл дарын, алтын тұлға, ұлттың ұлы көсемі» атты қорыттынды кеш өтті. Апталық соңында оқушылар мақтау қағаздарымен марапатталды








Салауатты өмір салтына арналған келесі мерекерлер өткізілді:

- Денсаулық күніне арналған жеңіл атлетикалық кросс және спорттық ойындар
- Мини футболдан 5 - 7 сыныптар арасындағы жарыс
- волейболдан жарыс



Қарттар күніне орай «Қарттарым аман сау жүр» тақырыбында мерекелік концерт, мерекелік дастархан ұйымдастырылды.



1-9 сынып оқушылар арасында «Арайлы алтын күз» мерекесі табиғат аясында өтті



Мәңгілік ел алыптары: Талғат Бегельдинов тақырыбында тәрбие сағаты және көрме ұйымдастырылды.



«Отбасы- бақыт мекені» тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылып, тәрбие сағаттары өтті.






Қыркүйек айында Мектеп парламентінің Президенті сайлауы өтті. Сайлаудың бірінші кезеңіне 3 үміткер қатысып мектептің тәрбие жөніндегі орынбасары мен мектеп психологі сұхбат өткізді. Сұхбаттан оқушылар сүрінбей өтіп, сайлауға түсті. Сайлау қорытындысы бойынша 9–сынып оқушысы Султанбекова Айдана мектеп Президенті болып сайланды..
Өзін өзі басқару ұймының 8 фракция мүшелері сайланды. Оқушыларға Өзін өзі басқару ұйымының мақсат міндеттері толық түсіндірілді.







«Өзін-өзі басқару күні». Ұйым мүшелері бұл күні директор, директор орын басарларының және пән мұғалімдерініңорнына қызмет атқарады.

Мектеп президенті кезекті ұйым мүшелері мен жиналыс үстінде пікір алысты Дублер күні ұйымдастырылды. Ұстаздарды құттықтап, мерекелік кеш өткізді







Қазан  айында 1-4 сыныптарда мектеп психологы «Ұл бала мен қыз бала достығы» әңгіме сабағын өткізді. Мақсаты: Ұл бала мен қыз бала  арасындағы достық,сыйластық туралы түсінік қалыптастыру. Әңгімелесу : Ұл бала мен қыз бала арасындағы достық қандай болу керек? (Жағдайат талдау)




Келеңсіз жағдайды алдын алуда айына бір рет 5-9сыныптар арасында  «Мен кіммін? Мен қандаймын?», «Өмір бала көзімен» сауалнама алынды «кикілжінді болдырмау жолдары» тақырыбында өткізіледі.





**25 - қазан «Республика күні» мерекесіне орай өткізілетін «Қыран елім - ҚАЗАҚСТАНЫМ!» атты апталық іс-шаралар жоспары құрылып ісшаралар өткізілді.**

| № | Іс - шаралар атауы | Қатысатындар | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Патриотизм дауысы» Мемлекетті гимнді жаппай орындау | 1-9 сыныптар | 17.10.2022 | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілер<br>Тәлімгер |
| 2 | «Тәуелсіз елім, кең байтақ жерім» патриоттық акциясы шеңберінде мәнерлеп өлең оқу | 5-7 сыныптар | 17.10.2022 | Қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі<br>Орыс тілі және әдебиеті пән мұғалімі<br>Ағылшын пәнінің мұғалімі |
| 3 | «Тәуелсіздік – елімнің еркін жолы» атты кітаптар көрмесі | 1-9 сыныптар | 17.10.2022 | ДТІЖО<br>Кітапханашы<br>Сынып  жетекшілер |
| 4 | «Менің Тәуелсіз Қазақстаным» сурет және қолөнер байқауы | 1-9 сыныптар | 17.10-21.10.2022 | Сынып жетекшілер<br>Көркем еңбек пәні мұғалімдері |
| 5 | «Атамекен»  диктант | | | Қазақ тілі мен әдебиеті |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | «Ең үздік эссе!» Республика күніне эссе жазу байқауы | 7-9 сыныптар | 18.10.2022 | пән мұғалімдері Орыс тілі және әдебиеті пән мұғалімдері Ағылшын пәнінің мұғалімдері |
| 6 | Республика күніне тоғызқұмалақ және шахмат ойындарынан сайыс | 5-9 сыныптар | 18.10.2022 | Дене шынықтыру пәні мұғалімдері |
| 7 | «Қазақстан – достық мекені» атты дөңгелек үстел | 8-9 сыныптар | 19.10.2022 | Тарих пәнінің мұғалімі Мектеп парламенті |
| 8 | «Жанашыр жүрек» қайырымдылық акция | 7-9 сыныптар | 19.10.2022 | Аға тәлімгер Мектеп Парламенті |
| 9 | «Жаңа Қазақстан, Таза табиғат!» мектеп ауласына тазалау | 5-9 сыныптар | 20.10.2022 | Мектеп ұжымы Сынып жетекшілер |
| 10 | «Бірлігіміз жарасқан Қазақстан!» тәрбие сағаты | 1-9 сыныптар | 17.10.-20.10.2022 | Сынып жетекшілер |
| 11 | Республика күніне орай сыныптан тыс сағат өткізу | 5-9 сыныптар | 21.10.2022 | Тарих пәнінің мұғалімдері |
| 12 | «Қазақстан - Республикам менің!» Бейне құттықтау | 1-9 сыныптар | 21.10.2022 | ДТІЖО Сынып жетекшілер Тәлімгер |
| 13 | «Қыран елім - ҚАЗАҚСТАНЫМ!» мерекелік іс-шарасы | 1-9 сыныптар | 21.10.2022 | ДТІЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер |

«Патриотизм дауысы» Мемлекетті гимнді жаппай орындау




«Атамекен» диктант




«Тәуелсіз елім, кең байтақ жерім» патриоттық акциясы шеңберінде мәнерлеп өлең оқу



«Тәуелсіздік – елімнің еркін жолы» атты кітаптар көрмесі




Республика күніне орай «Қыран елім- Қазақстан» тақырыбында салтанатты жиын өтті.



Күзгі демалыс кезінде балалардың демалысын, бос уақытын ұйымдастыру аясында 7,8,9 -сынып оқушылары  арасында кәсіби бағдар беру тақырыбында видео көріп танысты.

Сонымен қатар 7- 9-сынып оқушыларымен «Мамандық таңдауға жол» пікірлесу түрінде өтті.Мақсаты:Оқушыларға мамандық таңдаудағы жауапкершілігін, пікірін, дұрыс көз-қарасын қалыптастыру,өзін-өзі тану аумағын кеңейту.




Қазіргі таңда терроризмнің алдын алып, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі маңызды мәселелердің бірі болып отыр.

Терроризм - ұйымдасқан топ діттеген мақсатына жету үшін дүрсін-дүрсін күш қолдану арқылы көрініс табатын әдіс. Қазіргі жағдайларда террористер аманат алуды, қоғамдық мәндегі ғимараттарды басып алу, жарып жіберу, ұшақтарды алып қашу және өзге де әрекеттерге барады. Террористік әрекеттер қашан да жариялы түрде жүреді және қоғамға, билікке әсер етуге бағытталады.

Мектебімізде Діни экстремизмнің алдын алуға бағытталған 2022-2023 оқу жылына арналып іс шаралар жоспары құрылып бекітілді.

Осыған орай біздің мектебімізде төтенше жағдайдың , өрттің және террористік әрекеттің алдын алу мақсатында нұсқаулықтар мен оқу жаттығулары жүргізілді



Терроризммен күрес туралы «Терект қауіпі төнгендегі іс-әрекет» дөңгелек үстел өтті.





«Ерте жүктіліктің ертеңі қандай?» тақырыбында әңгіме сағаты өтті






Сонымен  қатар 9-сынып оқушыларымен «Мамандық таңдауға жол» пікірлесу түрінде өтті.Мақсаты:Оқушыларға мамандық таңдаудағы жауапкершілігін, пікірін, дұрыс көз-қарасын  қалыптастыру,өзін-өзі тану аумағын кеңейту.

«Эко Өмір» жас өлкетанушылар, жас экологтар табиғат зертеушілерінің аудандық байқауының жеңімпаздары Зұлқарнай Аян I орын, Султанбекова Махаббат II орын.






«Өмір ағашы. Менің ата бабаларымның тарихы» тақырыбында аудандық оқушылар сайысына Есет Мөлдір қатысып белсенділік танытты




**«Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ»**
**ақпараттық науқанын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары құрылды.**

**Мақсаты:**

1. Балаларға қатыгездік пен немқұрайлылық мәселесіне қоғамдық назар аудару;
2. Қоғамда балаларды қатыгездікке төзбеушілік көзқарасын қалыптастыру;
3. Балаларды зорлық-зомбылықтың кез келген түрінен құқықтық қорғау деңгейін арттыру.

**Міндеттері:**

1) балалардың құқықтары туралы қоғамның хабардарлығын арттыру;
2) ата-аналарды, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарды балалардың құқықтарын қорғау мен қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметке тарту;
3) балалар мен жастарды оларға бағдарланған бағдарламалар мен саяси шараларды әзірлеу және іске асыру процесіне тарту.

**Науқанның мақсатты тобы:**ата-аналар, балалар мен жастар, мемлекеттік құрылымдардың, құқық қорғау органдарының, Балалардың құқықтарын қорғау саласында жұмыс істейтін ҮЕҰ, сондай-ақ БАҚ өкілдері.

Мектепішілік дебат турнирі өтті



**«Әр баланың құқығы бар»** сурет байқауы




Аудандық «Бала би» шешендік өнері байқауына мектебімізден оқушылар қатысып белсенділік танытты




**«Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» онкүндігіне орай үстел ойындары ұйымдастырылды.**





Балалық шақты қорғау және оң тәрбие мәселелеріне баса назар аудара отырып, «Отбасы және бала тәрбиесі» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті





**«Әлеуметтік желінің қоғамдағы ролі» тақырыбында дебаттан турнир өтті**



Білім беру ұйымдарында балалардың құқықтарын қорғау, оның ішінде зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері бойынша өзекті тақырыптарға сынып сағаттары өтті



«Өз құқығыңды білесің бе?» тақырыбында интеллектуалдық сайыс өтті



«Есірткіні қолданудың алдын алу» тақырыбында іс шаралар жоспары құрылып, мектеп директорымен бекітілді. Жоспар сынып жетекші,оқушыларға таныстырылды.

**Мақсаты:**Оқушыларға әлемді алаңдатып отырған нашақорлық, СПИД, арақ, темекі сияқты зиянды әрекеттердің белең алып бара жатқандығын ескерте отырып, оны болдырмаудың алдын – алуға тәрбиелеу. Оларды жаман әдеттерден сақтандыру. Оқушылардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту және тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.Ғасыр дертіне айналып отырған кеселдердің залалын жан-жақты меңгерту, зиянды заттардан барынша аулақ болуға шақыру.

**Күтілетін нәтиже:**

1. ЖҚТБ туралы ойларын тиянақтайды;
2. ЖҚТБ итермелейтін себептерді анықтай біледі
3. Салауатты өмір салтын насихаттай алады
4. Өз болашағына сеніммен қарай алады;

**1-желтоқсан «Дүниежүзілік СПИД-қа қарсы күрес» күніне орай «СПИД ғасыр дерті» тақырыбында сынып сағаты өтті**







«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында мектеп оқушылары арасында

тренинг ұйымдастырылды



**«Жемқорлыққа жол жоқ» сурет көрмесі**





Желтоқсан айында 8-9 сынып оқушылары арасында «Кибербуллинг деген не?» тақырыбында әңгіме түрінде, слайд көрсетілді. Кибербулинг салдары қандай кеңестер айтылды.



5-6 сынып оқушылары арасында «Мен және интернет» тақырыбында 21 ғасыр – компьютерлік технологиялар ғасыры, яғни интернет қандай да бір қауіп төндіретіні , сонымен қатар заманауи технологияларды зиян шегу үшін емес, өз игілігіне пайдалану керектігі айтылды.



**16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылатын іс-шаралар жоспары құрылды**

«Тәуелсіздік теңдігім» кітап көрмесі



«Тәуелсіздік — ел бақыты!» ашық тәрбие сағаттары. мектепалды даярлық сынып,1-9-сыныптар арасында өтті.







«Тәуелсіздік белестері» сынып сағаты
«Тәуелсіз Қазақстан» 1-9 сыныптар, мәнерлеп өлең оқу байқауы ұйымдастырылды.



**Мектепалды даярлық сынып,1-4 сыныптар арасында «Қош келдің, Жаңа жыл!», 5-9-сыныптар арасында ертеңгілік өтті.**





**«Жаңа жыл» мерекесіне орай түрлі түсті мерекелік кеш ұйымдастырылды**







**«ЖӘК Редан қауіпті» тақырыбында сынып сағаты**



**«Буллинг  және кибербуллингтың алдын алу» сынып сағаты**



**«Дүниежүзілік жер күні» тақырыбында сурет көрмесі.**




**«Ашық терезеден баланы қорғау»сынып сағаты**




**12 сәуір Ғарышкерлер күні**



**Шахматтан челлендж**



**Сынып сағаты**






**Аудандық экологиялық мұражайлар фестивалі Дүниежүзілік Жер Күніне орай өткізілген конкурсқа қатысып, III орынға Қалымжан Айзере ие болды.**



**Орман күзетшісі Бркенов Маулен Бағдатұлы оқушылармен өрт қауіпсіздігі жайында әңгімелесті**



**Ата-аналар жиналысы**



**Аналар мерекесі**




**Көрісіу күні**










**Салт дәстіүрлер**






## Ұлттық ойындар



## «Күй құдыреті» челлендж





## Төтенше жағдайлардың алдын алу



**« Осы заманның қаһармандары» сынып сағаты**






**Сынып сағаты**





**Жол ережесін сақтайық**



**9мамыр Жеңіс күні**



**«Терроризмнің алдын алу» сынып сағаты**



**Зеренді ауданының жұлдыздары**




**Сынып сағаттары**




**«Қош бол, алтын ұям мектебім» соңғы қоңырау мерекесі.**



Полиция майорымен кездесу



«Жасыл мекен»челлендж

**Сынып жетекшілермен жұмыс:**

Сынып жетекшілермен әдістемелік жұмыстар мына түрде өтеді:

- Барлық 1-9 сынып жетекшілермен жұмыстар әдістемелік нұсқауларға сүйеніп жүргізіледі.

-Әр ай сайын тәрбие ісінің меңгерушісі жанындағы кеңесте сынып жетекшілермен сыныптан тыс өткізілетін жұмыстарды кеңесіп, келісіп отырады

**Психологиялық қызмет жұмыстары:**

Психологиялық қызмет жұмыстары мектептегі келеңсіз жағдайларды дер кезінде шешіп отырады;

Балалардың денсаулығына байланысты әр балаға ерекше көңіл бөлініп, олардың өзіндік бейімдік жағдайына қарай көмек көрсету.

Балаларды тәрбиелеуде және оқытуда ата-аналармен ұстаздар тығыз байланыста болу.

**Мектеп кітапханасымен жұмыс:**

Тәрбие жұмыстарының негізгі бір бөлігі, оқушылар мен ұстаздардың кітапханамен тығыз байланыста болуы. Сондықтан мектепте өтілетін барлық сыныптан тыс жұмыстардың ұйымдастыру түрі мына түрде болады:

1. Тақырыпқа байланысты кітаптар көрмесі.
2. Әр түрлі ойындар әдістемесі.

3. Әр түрлі әдеби кештер.
4. Кітапханалық сабақтар.
5. «Оқуға құштар» мектеп жобасы жұмысы

**Мектептегі өзін-өзі басқару жұмыстары:**

Мектептегі өзін-өзі басқару жұмыстары тікелей балалар ұйымының ұйымдастырылуымен өткізіліп отырылады. Осы балалар ұйымымен мектепте «Алтын күз», «Ұстаздар күні», «Ұланбасы сайлау күні» , тоқсан сайын мектепішілік «Ұлағат» газеті, «Қарттар мен мүгедектерге көмек» және т.б. жұмыстар

**Өткізілген шаралардың барлығы әлеуметтік желіге салынды.**

**2022-2023 оқу жылындағы жұмысты толық көлемде талдай отырып, оң нәтиже көрсетуде:**

1. Азаматтық-патриоттық тәрбиеге көп көңіл бөлінді.
2. Бірлескен тәрбие іс-шараларын өткізуге ата-аналарды тарту.
3. Оқушылардың әр алуан байқауларға қатысамын деген шығармашылдық қабілеттері байқалады.
4. Рухани жаңғыру мемлекеттік бағдарламасын сәтті жүзеге асыру - бес іс-шара республикалық тізілімге енгізілді.

Тәрбие жоспарын табысты іске асыру туралы, Мектептің құрылған тәрбие жүйесінің тиімділігі туралы айта келе, кейбір мәселелерге де назар аудармауға болмайды.

Проблемалық өріс:

1.Сынып жетекшілерінің этиканы, мінез-құлық мәдениетін зерделеуге жеткіліксіз назары.
2.Оқушылардың шығармашылық байқаулардағы белсенділігінің төмендігі.
3.Ата-аналар сабақтан тыс қызметке қатыстырылмайды.
4.Ата-аналар жаппай оқыту жұмысын ұйымдастыруға да назар аудару қажет.
5.Кейбір сыныптардағы жиналыстарға ата-аналардың төмен қатысуы байқалады.
6.Сынып ұжымдары деңгейінде оқушылардың өзін-өзі басқару жұмысының болмауы.

**Кемшіліктерді жою жолдары:**

1. Сынып жетекшілеріне оқушылардың қиындықтарды жеңудегі табыстылығын ынталандыру әдістерін жетілдіру; жалпы білім беретін сыныптарда әр түрлі интеллектуалды турнирлерге, қызықты пәндік материалдарға көбірек көңіл бөлу.
2. Сынып жетекшілерге оқушылардың шығармашылық қызметін жандандыру.
3. Сынып жетекшілеріне ата-аналарды сабақтан тыс қызметке белсенді түрде тарту.
4. Ата-аналар жиналысын ұйымдастыруға және өткізуге көп көңіл бөлу.
5. 2022-2023 оқу жылында педагог-психологқа ата-аналарға жалпы оқыту жұмысын ұйымдастыруға ерекше назар аудару қажет.
6. Сыныпта өмірді ашық ету және сыныптың ақпараттық парақтары арқылы айына 1 рет өз экскурсияларын, мерекелерін, сынып сағаттарын жариялау.
7. Оқушылардың дербестігін және бастамашылдығын тәрбиелеу, өзін-өзі басқаруға белсенді қатысу үшін олардың көп санын тарту.

**Қорытындылар**:
Тәрбие жұмысының талдауына сүйене отырып тәрбие жұмысының алға қойылған міндеттері шешілді деп санауға болады, мақсатқа қол жеткізілді. Жоғарыда өткізілген тәрбие жұмыстарының қорытындысы «қанағаттанарлық» деп айтуға болады.

**Келесі оқу жылында шешілетін өзекті мәселелер:**

- оқушылардың, сынып жетекшілердің, педагогтердің, психологтардың, ата-аналардың, қоғам өкілдерінің тәрбие қызметінің мәселелері бойынша бастамашыл топты ұйымдастыру мәселесі;
- әр сынып ұжымында және жалпы мектепте Өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастырумен байланысты қиындықтарды шешу;
- мектеп, облыстық және республикалық іс-шараларға қатысқаны үшін, мектеп бойынша кезекшілік және басқа да жетістіктері үшін сынып жетекшілерін, сыныптарды көтермелеу жүйесін әзірлеу;
- мектепті жарнамалау және оған балалар мен ата-аналарды тарту мақсатында мектептің ақпараттық кеңістігін құру.

1. Балаларды тәрбиелеу саласында педагогикалық ұжымның ғылыми-теориялық деңгейін арттыру.
2. Жалпы және арнайы мәдениетте оқушылардың жалпы және көркем ой-өрісін кеңейту, эстетикалық сезімдерді байыту.
3. Басқа адамдармен өзара іс-қимыл кезінде оқушылардың өз мінез-құлқын басқару ауқымын дамыту, үйлесімді тұлғааралық өзара іс-қимыл жағдайларын жасау тәсілдерін меңгеру.
4. Мектеп және сынып оқушыларының өзін-өзі басқарудың бірыңғай жүйесін дамыту, шығармашылық бастаманы дамыту.
5. Ата-аналармен және жұртшылықпен жұмыс жүйесін қалыптастыруды және дамытуды жалғастыру.

ДТІЖО: Шамиганова Д.Г.